

А.Ж. Бисенбаева

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕННІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІ

Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының негізгі салаларының бірі болып табылады. Аграрлық сектордың даму деңгейі қашан да қазақстандық қоғамның экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығын анықтайтын факторы болып келді және әлі де болып келеді. Республика экономикасы дамуының басым бағыттарының бірі бола отырып, ауыл шаруашылығы аса зор әлеует пен үлкен қорға ие. Қазақстанның әр түрлі климаттық жағдайлары қоңыржай жылы белдікте барлық дерлік дақылдарды өсіруге және мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2011 жылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы ауылшаруашылығы саласына өткен жылдар үлкен ауқымда көмек көрсетілгені туралы атап өтті. Елдің аграрлық саласын дамыту алдағы уақытта да басты міндеттің бірі болып қала береді. АӨК-ті дамытудың басты бағыттарының бірі ретінде ауыл шаруашылығындағы еңбектің өнімділігі 2014 жылға қарай 2 есе, ал 2020 жылға қарай 4 есе өседі. Аграрлық секторда етті мал шаруашылығын дамыту жөнінде бұрын-соңды болып көрмеген жоба жүзеге асырылады. 2016 жылдың өзінде ет экспорты 60 мың тоннаға жетеді, мұның құны 4 миллион тонна бидай экспортына тең. Мемлекет бұл мақсатқа 130 миллиард теңгелік несие ресурстарын бөледі. Бұл ауылдық жерлерде 20 мыңнан астам жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді, жүз мыңнан астам ауыл тұрғындарының кіріс көзіне айналады. Мұның өзі малдың барлық түрінің асыл түліктері мен тұқымдарының бас санын көбейтуге мүмкіндік береді. Бұлардың барлығы сабақтас салаларда – ауылшаруашылық мәшине жасауда, химия және тамақ өнеркәсібінде, жемшөп өндірісінде, техника жөндеуде өндірісті ұлғайтуға қозғау салады /1/.

АӨК салаларының экономикалық өсуінің тұрақты қарқындарын қамтамасыз ету үшін инновациялық даму факторлары ескерілуі қажет. Өз кезегінде, инновациялық қызметтің нәтижелілігі белгілі бір дәрежеде бірегей инновациялық саясатты әзірлеуге және кешен ұйымдарының инновациялық белсенділік деңгейіне байланысты болады.

Экономикалық әдебиеттерде келтірілген «инновация» терминінің анықтамаларын талдау үш көзқарастың таралғанын көрсетеді. Біріншісі – инновация жаңалықпен теңдестіріледі. Екінші көзқарас – инновация жаңа өнімді, технологияны қалыптастыру процесі ретінде, өндірісті басқару, экономика мен ұйымдастыру аясындағы жаңалық ретінде, яғни шығармашылық процестің нәтижесі ретінде қарастырылады. Үшіншісі – өндіріске алдыңғылардан сапалы түрде ерекшеленетін жаңа бұйымдарды, элементтерді, әдіс-тәсілдерді енгізу процесі ретінде қарастыру.

Инновация келесі қасиеттерге ие болуы қажет: жаңалыққа ие болуы, адамның кез-келген қызметінде қолданылуы, нарықта өткізіліп, экономикалық және басқандай әсерлер әкелуі.

Осы терминнің келтірілген анықтамаларын жалпылап, «инновация» түсінігіне келесідей анықтама беруге болады. Инновация – жаңа немесе жетілдірілген өнім (қызмет), техника, технология, өндірісті ұйымдастырудың, басқарудың жаңа формалары түрінде көрініс тапқан және түрлі сипаттағы әсерлер алып келетін ғылыми білімдердің коммерциализациясы.

АӨК қатысты инновация шаруашылық тәжірибеде өндіріс тиімділігін жоғарлатуға мүмкіндік беретін өсімдіктердің жаңа сұрыптары, мал мен құстың жаңа тұқымдары мен түрлері, жаңа немесе жетілдірілген азық-түлік өнімдері, материал түрлері, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы мен қайта өңдеу өнеркәсібіндегі жаңа техника мен технологиялар, экономиканың түрлі сфераларын ұйымдастыру мен басқарудың жаңа формалары, әлеуметтік қызмет көрсетудің жаңа тәсілдері түріндегі зерттеулер мен әзірлемелер нәтижелерін жүзеге асыру болып табылады /2/.

Инновация инновациялық процесс түсінігімен тығыз байланысты. Инновациялық процесс жаңа идеяны алу мен оны тұтынушымен жаңа немесе жетілдірілген өнім, технологиялық

процесс, өндірісті ұйымдастыру мен басқарудың жаңа тәсілдері түрінде қолданудан тұратын жүйелі жұмыстардың кешені болып табылады. Оны келесі буындардан тұратын құрылым ретінде көрсетуге болады: жаңалықтарды өндіретін сфера, жаңалықтарды табыстаудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмі, инновациялық өнім тұтынушылары. Инновациялық процесс құрылымы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Инновациялық процесс құрылымы

Ғылыми әдебиетте инновацияны базисті, жақсартатын және жалған инновациялық (рационалдайтын) түрлеріне бөле отырып, бірқатар белгілеріне байланысты топтастыру қалыптасқан – негізгі дәрежесі, экономикалық дамудағы маңыздылығы.

Нәтижелердің бағыттылығы бойынша инновацияларды өнімді мен процесті деп бөледі. Өнімді инновациялар жаңа немесе жетілдірілген өнімдерді енгізуді қамтиды. Олар жаңа материалдардан, жаңа жартылай өңделген өнім мен қосалқы бөлшектерден, жаңа өнімдерді алудан тұрады. Процесті инновациялар технологиялық – өнімді өндірудің жаңа технологиялары; ұйымдастырушылық-басқарушылық – өндірісті, транспортты, өткізу мен жабдықтауды ұйымдастырудың жаңа әдістері, басқарудың жаңа ұйымдастырушылық құрылымы және әлеуметтік болып бөлінеді.

АӨК-те қолдану пәні мен сферасы бойынша инновациялардың төрт түрі ажыратылады: селекциялық-генетикалық; техника-технологиялық және өндірістік; ұйымдастырушылық-басқарушылық және экономикалық; әлеуметтік-экологиялық (1-кесте). Инновациялардың алғашқы түрі тек қана ауыл шаруашылығына тән.

Инновациялық дамудың ерекшелігі, шарттары мен факторлары.

АӨК-тегі инновациялық процесс өзіндік ерекшеліктерге ие. Ол аймақтық, салалық, функционалды, технологиялық және ұйымдастырушылық әр түрлілігімен ерекшеленеді.

Ауыл шаруашылығының бір ерекшелігі – өнеркәсіптік құралдармен қатар өндірістік процесте тірі ағзалар – мал мен өсімдік те белсенді қатысады. Бұлардың өсуіне табиғи заңдылық: климат, жылу, ауа-райы, ылғалдылық, жарық, т.б. факторлар әсерін тигізеді.

Ауыл шаруашылығындағы кеңейтілген ұдайы өндіріс экономикалық және табиғи-экологиялық процестермен әрекеттестікте жүреді.

Агроөнеркәсіптік кешендегі инновация типтерінің топтастырылуы

Селекциялық-генетикалық	Техника-технологиялық және өндірістік	Ұйымдастырушылық-басқарушылық және экономикалық	Әлеуметтік-экологиялық
Ауылшаруашылық өсімдіктердің жаңа сұрыптары мен гибридтері	Жаңа техниканы қолдану Ауылшаруашылық дақылдарын егудің жаңа технологиялары	Кооперацияның дамуы мен АӨК-тегі біріккен құрылымдардың қалыптасуы	АӨК-ті ғылыми-техникалық кадрлармен қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру
Мал мен құстың жаңа тұқымдары мен түрлері	Мал шаруашылығындағы жаңа индустриалдық технологиялар	АӨК-ті ресурстармен қамтамасыз ету мен техникалық қызмет көрсетудің жаңа формалары	Еңбек ету шарттарын жақсарту, денсаулықты сақтау, білім беру және ауыл еңбеккерлерінің мәселелерін шешу
Аурулар мен зиянкестерге, қоршаған ортаның қолайсыз факторларына төзімді өсімдік пен мал түрлерін шығару	Егін мен мал шаруашылығының ғылыми негізделген жүйелері Жаңа тыңайтқыштар мен оның жүйелері Өсімдіктерді қорғаудың жаңа құралдары Егін шаруашылығын биологияландыру мен экологияландыру Азық-түлік өнімдерінің тұтынушылық құндылығын жоғарылатуға бағытталған азық-түлік өнімдерін өндіру мен сақтаудың жаңа ресурс үнемдеуші технологиялары	Еңбекті ұйымдастыру мен ынталандырудың жаңа формалары АӨК-тегі ұйымдастыру мен басқарудың жаңа формалары Инновациялар маркетингі Ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет сферасындағы инновациялық-консультативті жүйелерді құру Шешім қабылдау әдістері мен тұжырымдамалары Инновациялық даму механизмдері мен формалары	Қоршаған орта сапасын жақсарту мен сауықтыру Халықтың өмірі, еңбегі мен демалысын қолайлы экологиялық шарттармен қамтамасыз ету

Сондықтан инновацияларды басқаруда тек қана экономикалық заңдардың ғана емес, сонымен қатар табиғат заңдарының талаптарын ескеру қажет: теңдік, орын баспаушылық, өмірлік факторлары, минимум, оптимум мен максимум заңдарының жиынтығы. Өндіріс факторларының орын баспаушылық заңының қолданысы, мысалы, тыңайтқышты селекциямен ауыстыруға, сұрыппен агротехникадағы кемшіліктің орнын толтыруға, асылдандырумен жемнің орнын толтыруға болмайтын кездерінде көрініс табады. Минимум заңына сәйкес өндіріс өсімі минимумдағы фактормен тежеледі. Мысалы, мал өнімділігінің деңгейі жем рационындағы ең көп орын алатын затпен анықталады; максимум заңына сәйкес белгілі-бір пайдалы заттың мал қажеттілігінен көп тұтыну оның өнімділігінің жоғарлауына алып келмейді. АӨК-тегі инновациялардың кешенді сипаты инновациялық механизмге ерекше талаптар қояды (2-сурет). /3/




2-сурет. Агроөнеркәсіптік кешендегі инновациялық қызметтің экономикалық механизмінің құрылымы

Аграрлық өндірістің күрделілігі мен оның ерекшеліктері инновациялық процесті басқарудың әдіс-тәсілдерінің ерекшелігін, инновацияның түрлі типтерінің үйлесуін, инновацияларды ынталандырудағы мемлекеттің рөлін күшейтуді айқындайды.

Ауылшаруашылық өндірістің күрделілігі мен ерекшелігі инновациялық процесс тәуекелінің жоғары деңгейімен сипатталатынын атап өту қажет. Ғылыми-өндірістік нәтижелерді қаржыландырудың тәуекелі, шығындар мен нәтижелер арасындағы уақыттық үзіліс тәуекелі, инновациялық өнім сұранысының белгісіздігі жеке инвесторлардың капиталды ауыл шаруашылығының дамуына салуға қызықтырмайды.

АӨК-тің инновациялық дамуына әсер ететін шарттар мен факторларды талдау оларды теріс (инновациялық дамуды тежейтін) және оң (инновациялық процестердің жеделдетілуін қамтамасыз ететін) факторларға бөлуге мүмкіндік берді (3-сурет). /4/



3-сурет. Агроөнеркәсіптік кешеннің инновациялық дамуына әсер ететін шарттар мен факторлар

Инновациялық қызметтің дамуындағы әлсіз буын болып инновациялық өнім нарығының жетілмегендігі, инновациялық процестерді басқарудың тиімді ұйымдастырушылық-экономикалық механизмінің жоқтығы табылады. Ғылыми-техникалық әзірлемелер әрдайым агроөнеркәсіптік өндірісте тиімді жұмыс істеуге дайын болмайды.

Республикадағы АӨК-тің жағдайын бағалау инновациялық қызметті жандандыру алдымен қаржылық сауықтандыру және өндірісті тізбекті қалыптастыру сияқты шаралар жүйесін жүзеге асырусыз қиын болып табылады. инновациялық процестердің дамуы үшін мемлекеттің инновациялық саясатының бірқатар тапсырмаларын шешу қажет.

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 28.01.2011ж. // Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың интернет желісіндегі ресми сайты – http://www.akorda.kz/kz/speeches/addresses_of_the_president_of_kazakhstan/

2. Лубков А.Н. Инновационная стратегия в развитии АПК //Аграрный вестник Урала, 2009. – №2(56). – 7-11 б.

3. Н. В. Седова. Инновации в агропромышленном комплексе Российской федерации: тенденции и перспективы // Качество. Инновации. Образование, 2006. – №2. – 24-28 с.

4. В.В. Боджаева. Приоритеты инновационного развития агропромышленного комплекса региона // Вестник Алтайского государственного аграрного университета, 2009. – №10(60). – 116-120 с.

В статье рассмотрены точки зрения на сущность понятия «инновация», разработан подход к экономическому содержанию термина «инновация». Выявлены классификация инноваций, специфика, структура экономического механизма инновационной деятельности, условия и факторы инновационного развития агропромышленного комплекса.

The article is about the approach to the economic maintenance of the term "innovation". Classification of innovations, specificity, structure of the economic mechanism of innovative activity, a condition and factors of innovative development of agriculture, features of management of innovation processes in agriculture and priority directions of development of innovative potential are considered in the paper.

Р.Т. Дуламбаева, А.Е. Калиева

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ТАЛДАУ


Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей әр мемлекет өз экономикасын дамытуға, халықаралық қатынастарын реттеуге және тұрақты да қалыпты халықаралық қатынастарды орнатуға тырысады.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мемлекеттің экономикалық әл-ауқаттылығын мойындату үдерісінде маңызды роль атқарады, бұл үдеріс өз кезегінде ішкі нарықтық институттарды реформалау мен жетілдіруді жеделдететін механизмдердің барлығын қолданусыз мүмкін емес. Экономиканың бәсекеге қабілетті моделін таңдау, басым бағыттар мен салаларды айқындау, бәсекелік қатынастар мен механизмдердің дамуына әсер ететін факторлар мен элементтерді сыртқы экономикалық бәсекеге қабілеттілік призмасы арқылы айқындау ұлттық шаруашылықтың экономикалық тиімділігін көтерудің өзекті мәселесі болып отыр.

Қазақстан Республикасы өз егемендігін жариялағаннан кейін жас мемлекетіміздің алдында ішкі және сыртқы сипаттағы күрделі мәселелер туындады. Осындай мәселелердің ішінде бәсекелестік және бәсекеге қабілеттілік мәселелерінің алатын орны зор болып келеді.

Бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету – бұл қоғам өмірінің тұрақтылығы мен тиімділігінің, тәуелсіздігінің кепілдігі. Бұл экономиканың қоғам, мемлекет пен тұлғаның маңызды қызметінің белгілі бір жағын анықтайды, яғни ұлттық бәсекеге қабілеттілік ұғымы да экономиканың өмір сүру қабілеттілігіне, мүмкін болатын сыртқы және ішкі қауіптерге төзімділігінің бағалануымен тікелей байланысты.

«Бәсекелестік» термині экономикалық теорияға латын тілінің «қақтығыс», «жарыс» деген мағынаны білдіретін «concurrentia» сөзінен енген. Экономикада бәсекелестік келесідей анықталады. «Бәсекелестік – белгілі-бір сирек игіліктерді қолданудың бірнеше альтернативті бағаттары бар және осы игілікті қолдану құқығы үшін өзара күресіп жүрген бірнеше адам топтары қызығушылық танытатын жағдай». /1/



Қайнар көзі: автормен құрастырылған